

УДК 327+556(5-015)

Ж.Ө. Каринбаев,
*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
 Мемлекеттік басқару академиясы,
 Дипломатия институты,
 Сыртқы саясат кафедрасының аға оқытушысы*

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа

Мақала Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендер мәселесі кешеніне, оның алғышарттары мен Қазақстан Республикасының ұстанымына арналған. Сонымен қатар, трансшекаралық өзендер мәселесі шеңберінде Сырдария өзенінің қазақстандық алабы мен Солтүстік Аралды қорғау жұмыстарына басымдық берілген.

Тірек сөздер: *Трансшекаралық өзендер, Әмудария, Сырдария, Арал теңізі, ирригациялық және энергетикалық режим, аридті ауа-райы, ағын, текше шақырым, суқойма, су реттегіш, бассейн, Кіші Арал, су ресурстарын интеграциялы басқару, гидротехникалық нысандар.*

Аннотация

В статье комплексно рассматриваются проблема трансграничных рек Центральной Азии, ее предпосылки и позиция Республики Казахстан по данному вопросу. А также, в рамках проблемы трансграничных рек, делается акцент на вопросы сохранения казахстанской части реки Сырдария и акватории Северного Арала.

Ключевые слова: *трансграничные реки, Амударья, Сырдарья, Аральское море, ирригационный и энергетический режим, аридный климат, сток, кубический километр, водохранилище, контррегулятор, бассейн, Малый Арал, интегрированное управление водными ресурсами, гидротехнические объекты.*

Abstract

In article in a complex is considered prerequisites, problems of the cross-border rivers of Central Asia and a position of the Republic of Kazakhstan. And also, within the cross-border rivers the emphasis to problems of the Kazakhstan part of the Syr-Darya River and questions of preservation of the water area of Northern Aral is placed.

Key words: *Cross-border rivers, Amu Darya, Syr Darya, Aral Sea, irrigational and power mode, arid climate, aqueous runoff, cubic kilometer, water reservoir, counter regulator, pool, Small Aral, the integrated water resources management, hydro technical objects.*

XX ғасыр адамзат тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Аталған уақыт аралығында әлем орасан адам шығындарына ұласқан екі жойқын соғысты басынан өткерді. Бірақ, XX ғасырдың 60–70 жылдарында ғаламшар жаңа жаһандық проблемалармен бетпе-бет келді. Олар адамзаттың өзін қоршаған ортаға ықпалы, халықты қажетті материалдармен және энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша, адамзаттың жылдам өсіміне және өзге де себептерге байланысты туындаған, ғылыми-техникалық прогрестің тікелей әсерінен қалыптасқан мәселелер тізбегі еді.

Су мәселесі бүгінгі күні тек Орталық Азияның емес, сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі өзекті әрі кешенді мәселелердің бірі.

Орталық Азия аймағы бес мемлекетті: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстанды қоса қамтитын, жалпы аумағы 4 млн. шаршы шақырымды алып жатқан Азия құрлығының бір бөлігі. Халқының саны – 65 миллион адамнан астам. Егер, Арал ішкі бассейнінің бір бөлігін құрайтын Ауғанстанның солтүстігін қоса есептейтін болсақ, халық саны 74 млн. адамды құрайды [1,8-б.].

Аумақ аридті аймақта (ылғалы аз географиялық аумақтардың жиынтық атауы) орналасқандықтан, суғарусыз ауылшаруашылық дақылдарын өсіру және одан жоғары, тұрақты өнім алу мүмкін емес. Сондықтан, аймақтың барлық мемлекеттерінде үлкен көлемдегі су ресурстарын қажет ететін ирригациялық жүйелер көптеп саналады.

Орталық Азия аймағы тұтас алғанда шамамен 170–180 текше шақырым су ресурстарына иелік етсе, бүгінде оның 90 %-ынан астамы пайдаланылады [2,3-б.]. Аймақта, Солтүстік Мұзды мұхиты, Каспий және Арал теңіздері, Балқаш, Ыстықкөл

көлдөрінің бассейніне жататын өзендер көп. Салыстырмалы түрде ірілері: Өмудария, Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Есіл, Шу.

Бірақ, аймақтың су ресурстары, өзен торы біркелкі теңдей орналаспаған. Өзен суларының басым бөлігі таулы аумақта орналасқан Тәжікстан мен Қырғызстанның үлесіне келеді. Негізгі өзендер Сырдария мен Өмудария өз бастаулары осы мемлекеттер аумағынан алады. Ал су ресурстарының негізгі тұтынушылары Өзбекстан мен Қазақстан мемлекеттері.

Аймақтың ең мол сулы өзені – Өмудария. Ұзындығы негізгі саласы Пянджбен қоса есептегенде 2540 шақырымды, су жинау алабы – 309 мың шаршы шақырымды құрайды. Өзен еріген мұздықтар мен қар суынан құралады. Сондықтан, негізгі ағыны жаз мезгіліне, ең аз мөлшері қаңтар – ақпан сәйкес келеді. Өзеннің ағынының басым бөлігі, шамамен 74 % Тәжікстан аумағында түзіледі. Ауғанстан мен Иранның үлесі 13, 9 %, Өзбекстанның үлесі – 8,5 %.

Орталық Азия өзендері ішіндегі ең ұзыны, суының молдығы бойынша екінші өзен – Сырдария. Негізгі саласы Нарынның бастауынан Аралға құяр тұсына дейінгі өзеннің жалпы ұзындығы – 3019 шақырымды, ал су жинау алабы – 219 мың шаршы шақырымды құрайды. Өзен Нарын мен Қарадария салаларының қосылған жерінен Сырдария деп аталады. Су қоры мұздақтар мен қар суынан құралады. Негізгі су ағыны сәуір айынан басталатын көктемгі – жазғы мол сулы кезеңге сәйкес келеді. Сырдария суының 75,5 % Қырғызстан аумағында түзіледі. Өзен ағынының түзілісіндегі Өзбекстанның үлесі – 15,2 % құраса, Қазақстан мен Тәжікстанның үлестері тиісінше, 6,9 % және 2,7 % құрайды [2,12-б.].

Орталық Азия – адамзаттың ертеден қоныстанған, ежелгі өркениет ошақтарының біріне саналады. Жоғарыда аталғандай, жері негізінен шөлді, шөлейтті аймақта орналасқандықтан, адамзат мекендерінің пайда болуы, мемлекеттік құрылымдардың, шаруашылық түрінің дамуы аймақтағы өзендермен тікелей байланыста қалыптасты. Орталық Азия жағдайында мол, тұрақты өнім алу егінді суғарусыз жүзеге асырылмайды. Сондықтан, аймақ халқы ежелден тарамдалған, құрылымы бойынша күрделі суғару жүйелерін салуға ерекше мән берген. Және суғарумен, суды бақылаумен арнайы бөлінген адамдар – мұрабтар айналысқан.

XIX ғасырдың 60–70 жж. Орталық Азия аумағы Ресейдің қоластына көшісімен, патша үкіметінің метрополияның мүддесі тұрғысынан аймақтың экономика түзуші салаларын, оның ішінде, суармалы егін шаруашылығына мән бере бастағандығы белгілі. Алғашқылардың бірі болып 1870 жылы жергілікті суғару мәдениетімен, жүйесімен кешенді танысқан академик А.Ф. Миддендорф өз таңданысын жасырмай: «бұл суғару құрылымдары біздің таңданысымызды өріксіз туғызды. Техникалық тұрғыда артта қалған халықтың өз егін алқабынатаулар мен алқаптардың жанынан ешбір құралдың көмегінсіз қатты массаларды бұза салынған каналдарды, су өткізетін тоннелдерді, диірменге арналған, ұзындығы бірнеше верстке созылған су арналарын салғандығын көргенде біз таңқалдық» [3,20-б.], – дейді.

Ресей билігі кезеңінің басталуымен, сол кезеңдегі заман талабына сай құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, су ресурстарын бақылау қолға алына бастады. 1912 жылдың өзінде Түркістан аймағында гидрометрикалық бақылау жүйесі 50 су өлшеу бекеттерінен, 3 метеорологиялық және 14 жауын-шашын станцияларынан құралды [3,23-б.].

Осылайша, саладағы ірі су көздердің сулылығын, сонымен қатар өзге де өлшемдер бойынша қазіргімен салыстыра зерттеуге мүмкіндік беретін алғашқы өте құнды мәліметтер алынған.

Орталық Азия климаттық тұрғыдан жылы аймақтарда өгілетін, жеміс жидектерді, экономика үшін маңызды техникалық өсімдіктерді өсіруге мүмкіндік беретін аймақ болғандықтан, Ресей империясы тарапынан басталған суландыру жүйелерін дамыту жұмыстары Кеңес Одағы тұсында жалғасты. Қазан революциясынан кейін жарты жыл өтісімен, 1918 жылдың мамыр айында В.И.Ленин алғашқы сушаруашылығы құқықтық акті – «Түркістандағы суғару жұмыстары мен сол жұмыстарды ұйымдастыруға 50 миллион рубль бөлу туралы декретке» қол қояды.

Құжатқа сәйкес, Ферғана, Шу және Зеравшан алқаптарында, сонымен қатар, Мырзашөл пен Дальверзин далаларында суғаруды дамытуға басымдық берілді. Көп

ұзамай, басшысы танымал маман Г.К. Ризинкамф болған «Түркістандағы ирригациялық жұмыстар бойынша басқарма» құрылады [3,25-6.].

Осылайша, Орталық Азиядағы су ресурстарын игеру, суғару жүйелерін салу бойынша науқан басталады.

Бірақ, Орталық Азия халықтары ежелден ақ суға құрметпен қарау қалыптасқан. Шығыс халықтарында арықты немесе бастауды пастау қылмыс ретінде саналған, адамдар ондай теріс, олқы әрекеттері үшін беделінен ғана емес, сонымен бірге кейде өмірінен де айрылып, қатаң жазаланып отырған. Аймақ басым түрде мұсылман халқынан құралғандықтан, суды бос пайдалануға, бос ысырап өтпеу жағына да үлкен мән берілген. Сондықтан, ұзақ уақыт бойына, Әмудария мен Сырдария жағалауларында суармалы егіншілік қаншалықты кең қанат жайғанымен, қоршаған ортаға зиянды әсері бола қойған жоқ.

Еуропадан айырмашылығы Орталық Азия су бассейндерінің көпшілігінде экологиялық төпе-төңдік ХХ ғ. 60 жж. ортасына дейін сақталып келді [3,31-6.].

Мақаланың жазылуына тікелей арқау болған, ірі трансшекаралық өзендердің қазіргі күрделі ахуалының қалыптасуына көлер болсақ, аймақ үшін негізгі су бассейні – Арал теңізіне құятын өзендердің орташа жылдық ағыны 116 текше шақырымды құрайды. Оның 79,4 текше шақырымы Әмударияның, ал 36,6 текше шақырымы Сырдарияның үлесінде [2, 12-6.].

Кеңес Одағы кезінде суармалы жерлердің дамуы алдын ала жоспарланды және Мемлекеттік жоспарлау мен министрліктер, бірлестіктермен іске асырылды. Орталық Азия КСРО-ның мақта және күріш дақылдарын өсіретін ірі базасына айналдырылды. Ал таулы аймақтардағы Қырғызстан мен Тәжікстандағы жер суландыру баяу қарқынмен дамыды. Мысалы, 1967–1987 жылдар аралығында суармалы жерлер көлемінің өсімі Өзбекстанда – 1 млн. 364 мың гектарды құраған болса, Қазақстанда – 1 млн. 354 мың гектарды, Қырғызстанда небәрі – 189 мың гектарды құраған.

Ал, суармалы жерлердің жалпы ауданы Өзбекстанда – 4 млн. 170 мың гектарға, Қазақстанда – 2 млн. 800 мың гектарға, ал Қырғызстанда – 1 млн. 77 мың гектарға жеткен. Сөз болып отырған суармалы алқаптардың көбеюі, Орталық Азия өзендерінің суландыру әлеуеті таусылғандықтан, көпжылдық ағынды реттеу – су қоймаларының құрылысы арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде, Орталық Азия аймағының күре тамырына баланатын, Әмудария мен Сырдария өзендерінің суы шамадан тыс пайдаланылды.

Сырдария өзенінің бассейнінде 1965–1985 жылдар аралығында суды көпжылдық және маусымдық реттеуге арналған – Тоқтоғұл (Қырғызстан), Шардара (Қазақстан), Қайраққұм (Тәжікстан), Чарвак және Әндіжан (Өзбекстан) сынды суқоймалар салынды. Сырдария ағынын реттеу мен пайдалану мақсатында Қазақстан аумағында Қызылорда, Қызылқұм және Қазалы суғару жүйелері жасалынды [4, 11-6.].

Қазіргі уақытта жалпы Арал теңізі бассейнінде шамамен 100-ден астам суқоймалары мен жалпы ұзындығы 24 000 шақырымды құрайтын суғару каналдары қалыптасқан. Нәтижесінде, Арал теңізіне көліп құйылатын судың күрт көмуінен, теңіздің аумағы кішірейіп кетті. Қазіргісі 50 жыл бұрынғы ауданының небәрі ¼ құрайды [2, 13-6.].

Аталған шаралар барысында Сырдария өзені толықтай бақылауға алынды. Су қоры тұрақты болған жылдары Сырдарияның Қазақстан аумағындағы ағыны 14,5 текше шақырымды құраса, жылдық жалпы ресурсы 18 текше шақырымды құрайды.

Және бүгінде ғаламдық экологиялық апат аймағына айналған теңіз – бір көздергі асыра сілтеушілік пен ысырапшылдықтың бүгінге қалдырған мұрасы.

1991 жылы алпауыт Кеңес Одағы ыдырап, Орталық Азия аймағында бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Бір көздері, дәлірек айтқанда, одақтас мемлекеттер арасындағы су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында 1986 жылы «Әмудария» және «Сырдария» бассейндік сушарушылығы мекемелері құрылып, жұмыс жасаған болатын. Мекемелердің штаб – пәтерлері Үргеніш және Ташкент қалаларында орналасқанды [3, 53-6.].

Аймақ мемлекеттерінің тәуелсіздік алуымен Арал бассейнінің алып өзендері Сырдария мен Әмудария трансшекаралық су нысандарына айналып шыға келді. Бұл жағдай өзендерді пайдалануға қатысты бұрынғы ұстанымды түбірімен өзгертті.

Қос өзеннің ресурстары бүгінгі күні мемлекеттердің экономикалары үшін аса маңызды. Егер, суармалы егіншілік Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан мен Қазақстан үшін

жоғары маңызға ие болса, өзендердің энергетикалық әлеуеті судың түзілетін жоғарғы тау белдеулерінде орналасқан Қырғызстан мен Тәжікстан үшін стратегиялық маңызды. Аталған мемлекеттер электрэнергетикасына мұқтаждығының 90 пайыздан астамын су энергетикасы қамтамасыз етеді және сонымен қатар электр қуаты қос елдің экспорттық тауары болып табылады. Аймақ мемлекеттерінің өзенді пайдаланудағы бағдар алшақтықтары саяси үлкен пікірталастарға себеп болып, мемлекетаралық қатынастарға өзінің кері әсерін тигізіп келеді [1, 9-6.].

Қазақстан аумағы арқылы Сырдария өзені ағып өтеді. Сондықтан да, мақалада Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай, Сырдария өзені мен Арал теңізінің мәселелері кешенді әрі жүйелі қаралатын болады.

Бүгінгі күні Қырғызстан мен Тәжікстан тау мемлекеттері ретінде өзен суларын энергетикалық мақсатта пайдалануға басымдық беріп отыр. Ал өзен бойымен төменде орналасқан, жері жазықты Өзбекстан мен Қазақстанда судың ирригациялық режиміне (суармалық) басымдық берілген.

1992 жылға дейін жоғарғы Сырдариядағы су тораптарының пайдалану режимі ауыл шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған болса, 1992 жылдан кейін Нарын-Сырдария СЭС-ы каскады энергетикалық жұмыс режиміне көшті.

Жалпы Сырдария өзенінде кеңес дәуірінде ағынды реттеу бойынша су қоймалар кешені салынған (1-кестені қараңыз).

Кесте 1. Сырдария өзен бассейнінде су қоймаларының көлемдері, миллиард м³

Су қойма	Мемлекет	Өзен	Толық көлемі	Пайдалы көлемі
Тоқтағұл	Қырғызстан	Нарын	19,5	14,0
Шардара	Қазақстан	Сырдария	5,2	4,7
Қайраққұм	Тәжікстан	Сырдария	3,4	2,5
Өндіжан	Өзбекстан	Қарадария	1,9	1,7
Чарвак	Өзбекстан	Шыршық	2,0	1,6
Басқалары			4,0	1,2
Барлығы			36,0	27,5

Шардара су қоймасы бұл құламаның ең соңғы нысаны және су қойма өзеннің маусымдық ағынын реттеуге арналған. Оның негізгі жұмысы – суландыру, энергетика, тасқын суды реттеу болып табылады.

Сырдариядағы көпжылдық ең мол су қоры жинақталған нысан – Қырғызстандағы Тоқтағұл суқоймасы. Су қойманың көлемі – 19,5 млрд. текше метр суды құрайды. Бұл өзен бойындағы өзге су қоймалардың барлығын қоса алғандағыдан үлкен көлем (1-кестені қараңыз). Сондықтан да, Сырдариядағы су ағыны, оның маусымдық өзгергіштігі Қырғызстанның ұстанымына тікелей байланысты.

Алпауыт Тоқтағұл су қоймасы КСРО кезеңінде негізінен төмен орналасқан мемлекеттер үшін ирригациялық режимде жұмыс жасаған болатын. Бірақ, мемлекеттің тәуелсіздік алуы оның экономикалық мүдделеріне сай су қойманың жұмыс режимін түбегейлі өзгертті. Егер бұрнағы жылдары аталған су қоймадан су жіберудің 75 пайызы егістікке қажетті көктем–жаз айларында жүзеге асырылса, 1993 жылдан бастап мемлекетке қажетті электр қуатын алу мақсатында қыс мезгілінде жалпы жылдық ағынның 60 пайыздан астамы жіберіледі. Әсіресе, 2000 жылдардың алғашқы жылдары қыс айларында Тоқтағұлдан мол мөлшерде су жіберілген.

Мұндай жағдай өзеннің төменгі бөлігінде орналасқан Өзбекстан мен Қазақстан мемлекеттері үшін қауіп туғызып, суғару маусымында су тапшылығына алып келді.

Қыста Сырдария өзенінің бірқатар учаскілерінде мұз қатады және кеңес кезеңінде ағын су мөлшері күрт кемігендіктен, өзен негізінен шөлді аймақтан ағып өтетіндіктен, арнасы тарылып, су өткізгіштігі кеміп кеткен.

Сондықтан, 1969 жылғы алапат су тасқынынан кейін су мол жылдары Шардарадан шыққан судың бір бөлігін Өзбекстан аумағына ағызу қолға алынған болатын. Нәтижесінде,

2005 жылы Арнасай ойпатындағы жасанды Айдаркөлдің көлемі 44,3 текше шақырымды құрап, ернеуінен толды. Өзбекстанның шаруашылығына үлкен нұқсан келді. Үш мемлекеттің өзара келісімге келу қадамдары нәтиже бермеді. 2003 жылы Шардарадан екі шақырым қашықтықта, сусуқоймадан рұқсатсыз тасталатын судан қорғану мақсатында өзбек тарапы шағын қоймасы бар плотинаны салды [5]. Нәтижесінде, Сыр суынан өзбек аумағынан төмен орналасқан қазақ тарапына келуі мүмкін қауіп деңгейі арта түсті. Араға бес жыл сала, 2008 жылғы көктемгі су тасқыны барысында Оңтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан астам үйлер мен әлеуметтік нысандар қирап, мемлекетке жалпы көлемі 130 млн АҚШ доллары көлемінде зиян келді.

Жалпы Қазақстан тарапының Сырдария өзені мен Арал бассейніне қатысты негізгі мүддесі және оған қатысты ұстанымдары мынадай:

- Суармалы егіншілік жақсы дамыған Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары диқандарын маусымдық өзгерістерге ұшырамайтын, тоқтаусыз әрі тұрақты жұмыс жасайтын ирригациялық жүйемен қамтамасыз ету;

- Қырғызстан мемлекетінің энергетикалық режимдегі суды пайдалануы барысында орын алатын және көктемгі су тасқындарынан өзен бойында отырған халықты қорғау, тасқынды болдырмау;

- Сол мақсатта Сырдария өзені арнасының су өткізгіштігін арттыру;

- Сырдария өзеніндегі және Арал теңізі бассейніндегі санитарлық ахуалды жақсарту түсу;

- Экологиялық апат аймағы – Арал теңізінің Қазақстандық бөлігі, Көкаралды сақтау арқылы өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту, бір кездегі танымал балықшылығын кәсібін қайта жаңғырту.

Бүгінгі күні мемлекетіміз алға қойылған және шешімі өте өзекті осындай мақсаттарды орындауды кезең-кезеңімен, жүйелі әрі кешенді жүзеге асырып келеді.

Алғашқы қадам өзендегі су тасқынын ырықтау болатын. Бұл бағытта, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының халқы мен шаруашылығын өзендегі қысқы тасқыннан қорғау мақсатында, Қазақстан тарапы, ОҚО аумағында Шардара су қоймасына қосымша Көксарай су реттегішінің құрылысын бастап, негізгі жұмыстарын 2010 жылы аяқтады. Сол жылдың наурыз айында Көксарай су реттегішінің ашылу рәсімі болып, ғасыр құрылысына баланған бұл шараға Президент Н.Назарбаев қатысты. Жобаның жалпы құны 52 млрд. 346 млн. теңгені құрады [6].

2010 жылғы көктемнің өзінде су қойма өз мүмкіндігінің үштен бірін пайдаланып, 1 текше шақырым су қабылдады [7].

2011 жылдың басында су реттегіш алғашқы 2 текше шақырым суды қабылдап, елдің оңтүстігін су тасқынынан құтқарды. Қазіргі кезеңде Көксарай толық қуатында жұмыс жасап тұр.

Көксарай контрреттегіші маусымдық типтегі суды жинаушы сыйымдылық болып табылады, су көп кезде ағынды жинау жүреді, ал жазда – өлі көлемге дейін жұмыс істейді. Көксарай контрреттегіші, мынадай міндеттерді шешеді:

- қысқы су басудан ішінара Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

- Көршімемлекеттерден қыс маусымында түскен мол судың бір бөлігін өзіне қабылдап, ағыны егіншілікке қажетті көктем – жаз айларында азаятын Сырдария арнасымен қажетті су мөлшерін жібереді;

- Аралдың бөлініп қалған бөлігі – Көкаралды қажетті су мөлшерімен қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Нәтижесінде, Шардара су қоймасының және Көксарай су реттегішінің бірлескен жұмысы барысында тасқындардан сақтану, егіндік алқаптарын қажет су мөлшерімен қамтамасыз ету және Көкаралдың су көлемін деңгейде ұстау, сонымен қатар, өсіре түсу кешені қарастырылған.

Орталық Азия аймағы үшін, тіпті өлемдік қауымдастық үшін басты аймақтағы басты экологиялық мәселелердің бірі – Арал апаты. Арал теңізінің деңгейі 1911–1962 жылдар аралығында өзінің абсолютті деңгейінде – 53,4 м. болған. Ал судың көлемі 1064 текше шақырымды құрап, теңіздің аумағы 66 мың шаршы шақырымнан астам еді [8, 119-6.].

1960 жылы аумағы бойынша Бельгияға тең теңіз өлемдік көп айдындары ішінде үшінші орында болатын [9, 119-6.]. Сырдария мен Әмудария суының егістік алқаптары

үшін шамадан тыс әрі ысырапты, тиімсіз пайдаланудың барысында теңіз аумағы жоғарғы қарқынмен кеми бастады.

1994 жылы Аралдың деңгейі 32,5 м. деңгейіне дейін төмендеп, су көлемі 400 текше шақырымға дейін кеміді. Ал теңіз аумағы 32,5 мың шаршы шақырымға дейін азайды.

1989–1990 жылдары Арал теңізі екі бөлікке: Үлкен және Кіші Аралға бөлінді. Жағалау сызығы 60–80 шақырымға дейін, кей жерлерде 100 шақырымға дейін тартылды. Нәтижесінде, 4 млн. гектардан астам аумақты құрайтын құмды – тұзды шөл пайда болды. Ұйытқи соққан жел бұрынғы теңіз түбінің құмы мен тұзын жүздеген шақырымдарға жеткізіп, қоршаған ортаға орасан зор нұқсан келуде. Ал теңіз 1983 жылдан балық аулайтын объект ретінде өз маңызын жойған болатын.

Теңізді қалыпқа келтіру бойынша аймақ елдерінің бірлескен жұмысынан нәтиже аз болғандықтан Қазақстан Республикасы Сырдария өзенін, Арал теңізінің қазақстандық бөлігін сақтау бойынша шешімтал қадамдарға барды.

Соңғы жылдары өзеннің төменгі ағысында CAPCATC (Сырдария арнасын реттеу Солтүстік Арал теңізін сақтау) жобасы шеңберінде қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарды қайта құру және жаңасын салу бойынша іс-шаралар жасалуда.

Сырдария арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтау бойынша жұмыстың бірінші кезеңі барысында ұзындығы 13 шақырымды құрайтын Көкарал плотинасының жоспарланған алғашқы бөлігі салынып, нысан пайдалануға 2005 жылдың тамыз айында берілді. Бұл бөгет Солтүстік (қазақстандық) Аралды үлкен Оңтүстік Аралдан оқшаулап тұр. Сонымен қатар, CAPCATC-тың бірінші кезеңінде Сырдария өзенінде бірнеше гидротехникалық нысандар салынып, Шардара бөгетінің реконструкциясы жүргізілді. Аталған жұмыстар өзеннің су өткізгіштік мүмкіндігін арттыру және Көкаралды сумен қамтамасыз ету мақсатында жасалынды. Жоба құны – 86 млн. АҚШ долларын құрады. Оның 64,5 млн. Бүкіләлемдік банктен несие түрінде бөлінсе, қалған – 21,29 млн. республикалық бюджеттен бөлінді.

Жобаның нәтижелігі жақсы. Егер, өткен ғасырдың 80 жж. соңында теңіз бір кездері айлақ – Арал қаласынан 100 шақырымға тартылып кеткен болса, жүзеге асырылған жұмыстар барысында Көкаралдың деңгейі 12 метрге көтеріліп, қазіргі жағалауы қаладан 17 шақырымға қашықтықта орналасқан. Аралдың қазақстандық бөлігінің минерализациялануы литріне 23-тен 17 граммға дейін төмендеген [10].

Сырдария өзенінің қысқы мерзімдегі су өткізгіштігі артып, секундына 650–700 текше метрді құрады. Нәтижесінде, Сырдариядан Солтүстік Аралға келіп құйылатын су көлемі де артқан. Сырдарияның төменгі ағысындағы аумағы 20–30 мың гектарды құрайтын көлдер қайта қалпына келтіріліп, Арал теңізінде жойылып кеткен балықтың 13 түрінің популяциясы қалпына келген. Балық аулау көлемі артқан [11].

CAPCATC – 2 (Сырдария арнасын реттеу Солтүстік Арал теңізін сақтау) жобасының жүзеге асырылуы сарапшылардың пікірінше Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек.

Жобаның құны шамамен 250–300 млн. АҚШ доллары көлемінде болып, Бүкіләлемдік банк пен республикалық бюджеттен қаржыландырылмақ.

CAPCATC – 2 жобасы шеңберінде 8 компонент жүзеге асырылмақ. Алғашқы кезеңде олардың алтауы, атап айтқанда: Қызылорда гидроторабының сол жақ шлюзін қалпына келтіру, облыстың екі ауданында қорғау бөгеттерін салу, екі учаскіде Сырдария өзенінің арнасын түзету, Бірлік ауылы тұсындағы автокөлік көпірін салу, сонымен қатар, Қамыстыбас және Ақшатау көл жүйелерінің қалпына келтірілуі, Арал ауданындағы Тастақ учаскесінде Қамыстыбас балық питомигінің тоғанын кеңейту жоспарланған.

Ал, Көкарал бөгетін бекемдеу мен биіктету де CAPCATC – 2 жобасының екінші кезеңінде жүзеге асырылмақ. Бөгет қазіргі 42 метр деңгейінен 48 метрге дейін биіктетілмек. Сонымен бірге, жоба шеңберінде Сырдарияның қазақстандық бөлігінде су ресурстарын басқару бойынша орталық құру жоспарланған. Аталған жұмыстар барысында, Солтүстік Аралдың аумағы 3151 шаршы шақырымнан 4645 шаршы шақырымға дейін кеңейетін болады. Судың көлемі 27 текше шақырымнан 50 текше шақырымға дейін ұлғайып, судың минералдығы литріне 12-ден 8 граммға дейін азаймақ. Ал жағалау қазір Арал қаласынан 17 шақырым қашықтықта болса жоба соңында 1 шақырымға дейін жақындамақ. Нәтижесінде, балық аулауды жылына 30 000 тоннаға дейін жеткізіп,

қосымша жұмыс орындарын ашу, сонымен қатар, өңірде туризм кластерін дамыту жоспарлануда.

Осылайша, жоспарлы түрде, жүйелі атқарылған жұмыстың нәтижесінде Сырдарияның қазақстандық бөлігі мен Солтүстік Арал аумағында үлкен жұмыстар атқарылды.

Бірақ, соңғы жылдары антропогенді негізде орын алған қоршаған ортадағы елеулі өзгерістер әлемдік қауымдастық тарапынан табиғи ортаны қорғауды күшейту мен үдерістің орындалуын тиісінше бақылауға алуға мәжбүрлеп отыр.

Соңғы жылдардағы моделдеу нәтижесі келешекте Орталық Азия аймағының табиғи ресурстарында үлкен өзгерістердің болатындығын көрсетіп берді. Ауа-райының жылынуының барысында Тянь-Шань және Памир тауларындағы мұздықтардың көлемі күрт азаятындығы анықталып отыр. Болжамдық сипаттағы ресми мәліметтерге сәйкес, 2050 жылға қарай мұздықтардың 45–60 %-ға дейінгі бөлігі жойылатын көрінеді. Нәтижесінде, жақын 20 жылдың ішінде мұздықтардың еруінен пайда болатын су ағыны тек таулы аудандарда ғана молайып, өзге бөліктерде керісінше кемиді. Сырдария өзеніндегі су ағыны соңғы он жылдағы орташа су ағынынан 25 %-дан кем болатындығы болжануда. Ауа-райының жылынуынан болатын мұндай жағдайдың аймақтағы суармалы ауыл шаруашылығына үлкен қауіп төндіретіндігі анық [12, 4-б.].

Мұндай іргелі болжамдарға суармалы жер қорларына кедей Қырғызстан мен Тәжікстанның судан электр қуатын өндіруді арттыру бойынша жоспарларын қосыңыз. Тәжікстанда жобасы КСРО кезінде жоспарланып, дайындық жұмыстарының басым бөлігі атқарылған Рогун СЭС-тың (Өмударияның саласы Вахш өзенінің бойында) құрылысы бойынша өткір пікірталастар өтіп тұрады. Аймақ елдерінен әсіресе Өзбекстан бұл нысанның жұмыс жасауына түбегейлі қарсылық білдіруде. Қалай дегенмен де Қырғызстан мен Тәжікстанның су энергетикасына қатысты жоспарлары аймақтағы онсыз да күрделі трансшекаралық өзендердің су мөлшерін азайтып, қоршаған ортаға кезекті зиянын тигізуі мүмкін.

Су ресурстарын пайдаланудың жылдан-жылға өсімі орын алып отырған Орталық Азиядағы қазіргі геосаясат жағдайында, қолда бар ресурстарды өзара келісімде, барынша тиімді пайдалану ресурстың тапшылығын біршама азайтып, судың тепе-теңдігін бұзбастан дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Қалыптасқан күрделі ахуалдан шығар негізгі жолдардың бірі де бірегейі СРИБ – су ресурстарын интеграцияланған түрде басқару жобасы (ИУВР).

Су ресурстарын интеграцияланған түрде басқарудың суды пайдалану бойынша мұсылмандық және аймақтағы дәстүрлі этикалық нормаларға сәйкес келуі көпшіліктің бұл бастаманы қызу қолдауына себеп болды [1, 9-б.].

СРИБ (ИУВР) жобасының атқарылуы Қазақстан мен Өзбекстанда БҰҰ Даму бағдарламасының (ПРООН) қолдауымен жүзеге асырылуда. Қазақстан бұл үдерісте бастамашы болып, көрші мемлекеттерге дұрыс бағыт-бағдар көрсетті. Жұмыс 2000 жылдан басталып, су ресурстарының СРИБ-ға көшуіне қажетті барлық алғышарттар жасалына бастады. Жобаны жүзеге асыру барысында бірқатар институционалды, заңнамалық және ақпараттық өзгерістер жасалды [1,13-б.].

Су ресурстарын интеграциялы басқарудың басты мақсаты – ауылшаруашылығы тәжірибесінде суды тиімді (үнемді) пайдалану, дефицитті суғару, ауылшаруашылығындағы суды кері екінші рет пайдалануды жүзеге асыру және тиімділігі мен өнімділігіне қарай егістік танаптарды қысқарту.

Аталған бастаманы орындау бойынша Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттерінде бірқатар жұмыстар атқарылғанымен аймақтың өзге мемлекеттеріндегі бастаманың орындалу барысы көңіл көншітпейді [12, 2-б.].

Жобадан күтілетін нәтиже ғаламдық жылыну жағдайындағы суды дұрыс пайдалануды жүзеге асырып, мүмкіндігінше өзендердегі тепе-теңдікті бұзбау болып табылады.

Қорыта айтқанда, су ресурстары тек экономикаға ғана емес, сонымен қатар кезкелген мемлекеттің саяси дамуына ықпал етеді. Және су ресурстары бүгінгі күні қауіпсіздіктің салмақты факторына айналып отыр. БҰҰ сарапшыларының пікірінше ХХІ ғасырда су тіпті мұнай мен газға қарағанда маңыздырақ стратегиялық ресурсқа айналмақ [2, 5-б.].

Сондықтан, тіршілік нәрі – су ресурстарын келешек ұрпаққа жеткізу бүгінгі буынның міндеті. Қазақстан трансшекаралық өзендер мәселесін шешу бойынша өзге аймақ

елдерінен бастамашылдығымен, жаңашылдығымен және міндеттемелерді орындаудағы тиянақтылығымен ерекшеленіп келеді.

Бүгінгі күні аймақтағы трансшекаралық езендер мәселесі бірқатар ілгерілеуіне қарамастан әлі де күрделі күйінде қалып отыр. Бір анығы мәселе ортақ, сондықтан, шешім де ортақ болуы тиіс. Дей тұрғанмен, жақын келешекте түрлі сипаттағы факторлардың (геосаяси және табиғи) ықпалымен аймақ елдері ортақ мәміле саясатын ұстанып, трансшекаралық езендерге байланысты баршаға тиімді ахуалдың қалыптасатындығына сенім білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Интегрированное управление водными ресурсами в ЦА: проблемы управления большими трансграничными реками. – Глобальное водное партнерство, 2014. – 59 с.
- 2 Гриняев С. Н., Фомин А. Н. Актуальные вопросы применения механизма биржевой торговли для решения водно-энергетических проблем стран Центральной Азии. Аналитический доклад. – Москва: АНО «Центр стратегических оценок и прогнозов», 2009. – 52 с.
- 3 Валентини К. Л., Оролбаев Э. Э., Абылгазиева А. К. Водные проблемы Центральной Азии. – Б.: Фонд им. Ф. Эберта, 2004. – 142 с.
- 4 Ибатуллин С. Р., Ясинский В. А., Мироненков А. П. Влияние изменения климата на водные ресурсы в Центральной Азии. Отраслевой обзор. – Алматы: Евразийский банк развития, 2009. – 44 с.
- 5 Зимний паводок на Сырдарье, Н. В. Шулепина//<http://www.kungrad.com>. – <http://www.webcitation.org/69XTTNg2p> - 2009.
- 6 Таскынға – тосқын, алқапқа бөреке болар Көксаарай. Алаш айнасы, 2010 19 наурыз. № 45.
- 7 Впервые за последнее десятилетие на юге нет весенних наводнений // <http://news.nur.kz>. – <http://www.webcitation.org/69XTaWi9T>
- 8 Каримов И. А. Узбекистан на пороге XXI века: угрозы безопасности, условия и гарантии прогресса. – М.: «Дрофа», 1997. – 318 с.
- 9 Доклад о развитии человека. 2006. Что кроется за нехваткой воды: власть, бедность и глобальный кризис водных ресурсов. – М.: «Весь мир», 2006.
- 10 Проект РРССАМ-2 поможет сохранить Арал // <http://www.easttime.ru>. – <http://www.easttime.ru/news/kazakhstan/proekt-rrssam-2-pomozhet-sokhranit-aral/8772>.
- 11 Малый Арал больших надежд. В казахстанском мини-море уже проводят регаты. О. Давыдова // <http://www.centrasia.ru>. – <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1415785500>
- 12 Водные ресурсы и адаптационные интервенции в Центральной и Западной Азии ТА 7532. Краткие выводы по основным результатам Азиатского банка развития, 2012. – 12 с.

Дата поступления статьи в редакцию 16.04.2015